

Түркістан облысы  
Шардара қаласы  
№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебі

**ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ О.ЗАЛОВАНЫҢ**  
**2025–2026 ОҚУ ЖЫЛЫНДА АТҚАРҒАН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ**  
**ҚЫЗМЕТ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ**  
**ЕСЕБІ**

**2025-2026 оқу жылы**

№2Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінің педагог-психологы  
О.Залованың 2025–2026 оқу жылында атқарған психологиялық  
қызметтің қорытынды

**Е С Е Б І**

**Жалпы мақсат:**

Білім алушылардың психологиялық саулығын сақтау, оқу-тәрбие процесіне бейімделуін қолдау, буллинг пен зорлық-зомбылықтың алдын алу, тұлғалық даму мен әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру.

**1. Диагностикалық жұмыстар**

Қараша айында оқушылардың психоэмоциялық жағдайын, бейімделу деңгейін анықтау мақсатында бірқатар диагностикалық жұмыстар жүргізілді: 4-сынып оқушыларының мазасыздық деңгейін анықтауға арналған

О.Н. Хмельницкаяның экспресс-әдістемесі жүргізілді. **Мақсаты:** Оқушының мектептегі оқу іс-әрекетіне, мұғаліммен және сыныптастарымен қарым-қатынасына байланысты мазасыздану деңгейін анықтау.

Зерттеу нәтижелері бойынша оқушының мазасыздану деңгейі төмен деңгейде екені анықталды. Оқушының эмоционалдық күйі тұрақты, мектеп жағдайына жақсы бейімделген. Оқу процесіне қызығушылықпен қатысады, өзіне сенімді.

**«Кішкентай адамдармен ағаш» проективті әдістемесі; Мақсаты:**

Бастауыш сынып оқушыларының эмоционалдық жағдайын, өзін-өзі бағалауын, қоршаған ортамен қарым-қатынасын, ішкі күйзелістерін, тұлғалық ерекшеліктерін анықтау.

Нәтиже : Сынып оқушылары әдістемеге қызығушылықпен қатысты.

Көпшілігі өзін белсенді немесе ағаштың ортасында тұрған адаммен салыстырды — бұл орташа немесе жоғары өзін-өзі бағалауды білдіреді.

Бірнеше оқушы төменгі бөліктегі немесе шеткері тұрған адаммен өзін теңестірді — ішкі тұйықтық, жалғыздық немесе назар тапшылығы байқалуы мүмкін.

**Қорытынды:** Әдістеме балалардың ішкі эмоционалдық жай-күйін, қарым-қатынас қажеттіліктерін анықтауға көмектесті.

**«Саған қалай қарайды?» экспресс-сауалнамасы; Мақсаты:** Оқушының отбасындағы, мектептегі және қатарластарымен арақатынасындағы эмоционалдық, психологиялық жай-күйін анықтау, баланың қауіпсіздік сезімі мен қолдау деңгейін бағалау.

Өткізілген сыныптар: 2-3-4 сыныптар

**Қорытынды:** Сауалнама нәтижесі бастауыш сынып оқушыларының көпшілігі өздерін үйде де, мектепте де қауіпсіз әрі жайлы сезінетінін көрсетті. Ата-аналармен және мұғалімдермен қарым-қатынастары оң, қолдау көрсететін ересектер бар екенін атап өтті. Сонымен қатар, сыныптастарымен де жылы қатынаста екені байқалды.

«Мұғалімнің кәсіби мотивациясы», кәсіби қанағаттану деңгейін анықтау бойынша мұғалімдерден сауалнама алынды. Қорытынды:

Сауалнама нәтижелері мұғалімдердің кәсіби мотивациясы мен ішкі қанағаттануы жалпы оң деңгейде екенін көрсетті. Дегенмен, кей мамандарға қолдау, мотивацияны көтеруге бағытталған шаралар қажет.

Қаңтар айында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында «Сезім мен көңіл-күй» сауалнамасы жүргізілді.

Нәтижесінде кейбір білім алушыларда мазасыздық, эмоционалдық тұрақсыздық белгілері анықталып, олармен жеке және топтық түзету жұмыстары ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, ақпан айында «Менің отбасым» сауалнамасы алынып, оқушылардың отбасылық қарым-қатынасы мен эмоционалдық жағдайына талдау жасалды.

## **2. Түзету-дамыту жұмыстары**

Апталық жоспарға сәйкес оқушылармен келесі бағыттарда түзету-дамыту сабақтары өткізілді:

Ойлау, есте сақтау, зейін, қиял және шығармашылық қабілеттерін дамыту;

Сөйлеу техникасы мен тіл байлығын арттыру

(«Ертегі айтып берші» әдістемесі);

Бейімделу дағдыларын дамыту, ішкі ресурстарды күшейту;

Қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.

## **3. Алдын алу жұмыстары**

«Буллингтен қорған!» тақырыбында қауіпсіздік сабақтары;

Зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында

«Бопсалау» тақырыбындағы бейнеролик көрсетілді;

«Достық және сенім» атты тренинг-сабағы (4-сыныптар).

Бұл жұмыстар оқушылардың өзара сыйластық, сенім, қауіпсіз орта туралы түсінігін арттыруға бағытталды.

Түзету-дамыту және профилактикалық жұмыстар

Зейінді тұрақтандыру және есте сақтау жаттығулары;

Қорқыныш сезімін төмендетуге және өз-өзіне сенімділікті арттыруға арналған ойындар;

**Агрессивті мінез-құлықты түзетуге бағытталған жұмыстар;**

Буллинг пен кибербуллинктің алдын алу бойынша бейнероликтер көрсетілді.

(«Дроп болма», «Кибербуллингке жол жоқ») Іс-шара мазмұны:  
Оқушыларға заманауи интернет кеңістігінде жиі кездесетін жағдайлар мен олардың салдарын көрсететін «Дроп болма» және «Кибербуллингке жол жоқ» атты бейнероликтер көрсетілді. Көрсетілімнен кейін ашық пікір алмасу мен түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Негізгі талқыланған сұрақтар:

- "Дроп" деген не? Оның салдары қандай?
- Интернеттегі алаяқтардан қалай сақтану керек?
- Кибербуллинг дегеніміз не және ол неге қауіпті?
- Ондай жағдайда кімге хабарласу қажет?

**«Қауіпсіз орта – ортақ жауапкершілік»** тақырыбында психологиялық түсіндіру жұмыстары жүргізілді. **Мақсаты:** Мектепте қауіпсіз психологиялық орта қалыптастыру, буллингтің алдын алу мәдениетін дамыту, оқушылардың өзара сыйластық пен жауапкершілікке негізделген қарым-қатынасын нығайту.

Қатысушылар: 3-4сынып оқушылары

**Іс-шара мазмұны:**

- Оқушыларға буллинг ұғымы, оның түрлері (физикалық, сөзбен, кибербуллинг), белгілері және зардаптары туралы мәлімет берілді
- «Қауіпсіз орта дегеніміз не?» сұрағы төңірегінде пікір алмасу жүргізілді
- Өзгелерге құрметпен қарау, жанжалсыз қарым-қатынас құру жолдары түсіндірілді .

**3. Алдын алу және ағартушылық жұмыстар**

Буллингтің алдын алу мақсатында «Буллингтен қорған» сынып сағаттары ұйымдастырылды.

Сонымен қатар:

«Менің денем – менің жеке кеңістігім»

Кибербуллингтің алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстары

«Қауіпсіз орта – сенімді қадам» тренингтері өткізілді

Бұл жұмыстар оқушылардың қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға бағытталды.

**Облыстық прокуратурасының ұйымдастырылған «Қауіпсіз балалық шақ»** жобасы аясындағы жұмыстар өз уақытында, өз деңгейінде өткізіліп тұрды.

Әлеуметтік осал отбасылармен жұмыс;

**4. Педагогтермен жұмыс**

Мұғалімдерге арналған тренинг:

«Стресті жеңу жолдары»

«Өмірді сақта: сен маңыздысың!» тренингтері ұйымдастырылды.

Бұл жұмыстар педагогтардың эмоционалды жағдайын жақсартуға және ата-аналардың тәрбиелік құзыреттілігін арттыруға ықпал етті.

«Қиын оқушылармен жұмыс тәсілдері. Тиімді қарым-қатынас орнату»;  
Педагогтердің мектепке бейімделу үдерісіндегі оқушыларды қолдау дағдыларын арттыруға бағытталды.

#### **5. Ерекше білімді қажет ететін оқушылармен жұмыс**

ЕБҚ оқушылармен тұрақты коррекциялық-дамыту жұмыстары жалғастырылды.

Өзін-өзі бағалауды қалыптастыру;

Қарым-қатынас мәдениетін дамыту;

Агрессивті мінез-құлықты түзету;

Эмоционалды ресурсты қалпына келтіру бағыттарында тренингтер өткізілді.

«Ментальды позитив: саналы ой, сапалы өмір»,

«Мен және менің жетістіктерім»,

«Жүректен-жүрекке» тренингтері оқушылардың өзін тануына, сенімділігін арттыруға ықпал етті.

Үлгерімі төмен және ерекше білімді қажет ететін (ЕББҚ) оқушылармен жүйелі психокоррекциялық жұмыстар жүргізілді.

#### **6. Кеңес беру жұмыстары**

Тоқсан бойы ата-аналар мен мұғалімдерге психологиялық кеңестер берілді.  
Атап айтқанда:

ЕББҚ оқушылардың ата-аналарына;

Мінез-құлқында қиындықтары бар балалардың ата-аналарына;

Мұғалімдерге кәсіби күйзелістің алдын алу бойынша кеңестер ұсынылды.

Жалпы алғанда, психологиялық қызметтің жұмысы тиімді және нәтижелі деп бағаланады.

#### **Жалпы қорытынды мен ұсыныстар:**

**Нәтиже:** 2025-2026 оқу жылына жоспарланған іс-шаралар толық көлемде орындалды. Оқушылардың мектепке бейімделуі сәтті өтті, буллинг пен құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жүйелі база қалыптасты. Мектептегі психологиялық ахуал – тұрақты.

#### **Келесі оқу жылына ұсыныстар:**

1. Оқушылардың эмоционалды интеллектісін (EQ) дамыту.
2. «Қызыл деңгейдегі» оқушылармен жеке жұмыс жоспарын тереңдету.
3. Ата-аналармен кері байланысты нығайту мақсатында «Психологиялық қонақжай» форматындағы кездесулерді жиілету.
4. Буллингтің алдын алу шараларын жүйелі түрде жүргізу.

**№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінің оқушыларды буллинг және кибербуллинг, аутодеструктивті мінез - құлықтың алдын алу және оқушыларға шабыт пен алға нық басу үшін күйзелістен арылуға көмек беру мақсатында 09-18 ақпан аралығында "Психология әлемі" тақырыбындағы жүргізілген онкүндіктің әлеуметтік желідегі сілтемелері**

<b>№</b>	<b>Іс-шара атауы</b>	<b>Орындау мерзімі</b>	<b>Сілтеме</b>
1	Онкүндіктің ашылуы	09 ақпан 2026ж	<a href="https://www.facebook.com/share/r/185gw38d1u/">https://www.facebook.com/share/r/185gw38d1u/</a>
2	"Психологқа хат"	09-18 ақпан 2026ж	<a href="https://www.facebook.com/share/r/1AKwj1WrVy/">https://www.facebook.com/share/r/1AKwj1WrVy/</a>
3	Менің отбасым	10- 11 ақпан 2026ж	<a href="https://www.facebook.com/share/r/1AKwj1WrVy/">https://www.facebook.com/share/r/1AKwj1WrVy/</a>
4	"Өмірді сақта: сен маңыздысың!"	12 ақпан 2026ж	<a href="https://www.facebook.com/share/1PkGtPkY5z/">https://www.facebook.com/share/1PkGtPkY5z/</a>
5	"Бала үшін: Сен бұл әлемге керек адамсың!"	13 ақпан 2026ж	<a href="https://www.facebook.com/share/1PkGtPkY5z/">https://www.facebook.com/share/1PkGtPkY5z/</a>
6	"Өмір қымбат: сенің өмірің маңызды"	16- 17 ақпан 2026ж	<a href="https://www.facebook.com/share/r/1Curh8cA1q/">https://www.facebook.com/share/r/1Curh8cA1q/</a>